

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік
қоғамы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғам қызметкерлері қызметтік функцияларын жүзеге асыру кезінде мінез-құлықтың құндылықтық және моральдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлары жүйесін қалыптастыру арқылы Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандары мен көріністеріне төзбеушілік ахуалына қол жеткізуге бағытталған.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың қағидаттары:

1. заңдылық;
2. транспаренттілік;
3. әдептілік;
4. жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
5. мүдделер қақтығысына жол бермеу.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғамның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

5. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: сақтандыру қызметі.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғам қызметкерлері үшін мынадай мінез-құлық нормаларын айқындайды:

1. заңдылық қағидатын, Қазақстан Республикасының Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;
2. жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;
3. өз тарапынан Қоғамның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттер жасауға жол бермеу;
4. мүдделер қақтығысы, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделілік туындағаны, сыбайлас жемқорлық сипатындағы мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру фактілері туралы тікелей немесе жоғары тұрған басшысына баяндау;
5. қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және/немесе пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;

6. қызметтік шешім қабылдау кезінде олардың бейтараптығына ықпал етуі мүмкін белгіленген өзара қарым-қатынас тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден тартыну;
7. Қоғамның басқа қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және мұндай әрекеттерді ынталандырмау;
8. қызметтік өкілеттіктерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдамау;
9. мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында қызметтік және таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты пайдаланбау;
10. жақын туыстық және отбасылық қатынастарда тұрған адамдарға тікелей бағыныстылықпен байланысты лауазымға тағайындалудан бас тарту;
11. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауда белсенділік таныту;
12. сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері, оның ішінде қандай да бір ақпаратты, Қоғамның ақпараттық жүйелері мен бағдарламалық қамтамасыз етуіне қолжетімділікті ұсынғаны үшін қандай да бір пайда алуға көндіру фактілері туралы басшылыққа дереу баяндау;
13. тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған жағдайда, жоғары тұрған басшылыққа, Қауіпсіздік қызметіне немесе Комплаенс-бақылаушыға жүгіну;
14. жоғары деңгейдегі құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтау және әріптестерінен оның сақталуын талап ету;
15. мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына ықпал ететін ықтимал себептер мен жағдайларды және олардың салдарын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;
16. үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе лоббилеуден, сондай-ақ олардың атынан әрекет жасаудан тартыну;
17. материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын, сондай-ақ Қоғамның өзге де мүлкі мен қызметтік ақпаратын қызметтік емес мақсаттарда пайдаланбау.

7. Басқарудың барлық деңгейлеріндегі басшылардың бағынысты қызметкерлермен қарым-қатынасында:

1. кадрларды туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
2. бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты айқындау;
3. бағынысты қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;
4. бағынысты қызметкерлердің қызмет нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және тәртіптік жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілікті таныту;
5. бағынысты қызметкерлерге орындауы анық мүмкін емес немесе олардың қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;
6. қызметтік жағдайын бағынысты қызметкерлердің қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезіндегі қызметіне ықпал ету үшін пайдаланбау;
7. бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
8. бағынысты және басқа да қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және олардың жолын кесу;

9. бағынысты қызметкердің қызметтік міндеттерін орындауы барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша уақтылы және жан-жақты шаралар қабылдау;
10. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жан-жақты шаралар қабылдау;
11. бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;
12. бағынысты қызметкерлерді қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу;
13. өзінің мінсіз мінез-құлқымен Қоғамның бағынысты қызметкерлеріне үлгі болу.

8. Барлық деңгейдегі басшылар осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың сақталуын қамтамасыз етеді және өздеріне бағынысты Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастырады.

9. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1. мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
3. мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындылығы қағидатын сақтау;
4. сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
5. осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының немесе шешім қабылдау құқығына ие әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), жекжаттарының, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өткізілетін мемлекеттік сатып алуларға қатысуына жол бермеу;
6. орындалмаған атқарушылық құжаттар бойынша міндеттемелері бар және/немесе Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің және/немесе олар тартатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) өткізілетін мемлекеттік сатып алуларға қатысуына жол бермеу;
7. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізілген, сондай-ақ қызметі тоқтатылған заңды және жеке тұлғалардың өткізілетін мемлекеттік сатып алуларға қатысу фактілерін болдырмау;
8. мүлкіне тыйым салынған заңды және жеке тұлғалардың өткізілетін мемлекеттік сатып алуларға қатысу фактілеріне жол бермеу.

10. Қоғам қызметкерлерін іріктеу бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;
2. қызметкерлердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
3. Қоғамға жұмысқа қабылдау кезінде Қоғам қызметкерлеріне жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;
4. Қоғамға жұмысқа орналасуға кандидаттардан еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;
5. Қоғам қызметкерлеріне қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу;
6. Қоғам қызметкерлерін қолхат арқылы Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарымен таныстыру бойынша жұмысты жүргізу.

11. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтамағаны үшін Қоғам қызметкерлері Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік және өзге де жауаптылықта болады.

13. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді.